

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі



Агентство Республики Казахстан
по регулированию и развитию
финансового рынка

SRER ҚАДАҒАЛАП БАҒАЛАУЫ: ҚАДАҒАЛАУ МОДЕЛІНІҢ НЕГІЗГІ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ ЖӘНЕ ЖАҢА ТӘСІЛДЕР

Алматы, 2024

ҚЫСҚАРТУЛАР ЖӘНЕ АББРЕВИАТУРАЛАР ТІЗІМІ	3
АЛҒЫСӨЗ	4
1. КІРІСПЕ	5
SREP моделінің қадағалау процесіндегі рөлі	5
SREP қадағалау моделінің мақсаттары мен міндеттері	7
2. SREP ҚАДАҒАЛАУ МОДЕЛІНІҢ СИПАТТАМАСЫ	8
SREP бағалау қағидаттары	8
SREP кезеңдері	11
Қадағалау үстемеақысы	15
3. SREP-ті ЖЕТІЛДІРУ	17
Банктерді бағалау тәсілдерін қайта қарау	21
RAS тәуекелдерді бағалау жүйесінің көрсеткіштерін қайта қарау	22
SREP бағалауын автоматтандыру	24
SREP жаңартылған әдіснамасы бойынша Impact Study	25
4. ЖАҢАРТЫЛҒАН SREP: ҰСЫНЫМДАР	25
Директорлар кеңесінің қызметі және рөлі	27
Басқарманың қызметі және рөлі	29
Стратегиялық және бюджеттік жоспарлау	30
Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау	32
Сыйақы беру жүйесі	35
Ақпаратты жария ету және ашықтық	37
5. ҚОРЫТЫНДЫ	38

❖ ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН АББРЕВИАТУРАЛАРДЫҢ ТІЗІМІ

АГЕНТТІК	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі
БҚБК	Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитеті
ЭЫДҰ	Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы
ҚТК	Қаржылық тұрақтылық кеңесі – Financial Stability Board, FSB, халықаралық ұйым
AQR	Asset Quality Review – Банк активтерінің сапасын бағалау
COSO	Committee of Sponsoring Organizations of the Treadway Commission – Тредвей комиссиясының демеуші ұйымдарының комитеті, халықаралық ұйым
CRO	Chief Risk Officer – Банктің тәуекел-менеджментінің басшысы
GARP	Global Association of Risk Professionals – Тәуекелдер бойынша мамандардың жаһандық қауымдастығы
ISO	International Organization for Standardization – Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым
ICAAP	Капиталдың жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процесі
ILAAP	Өтімділіктің жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процесі
IRRBB	Interest Rate Risk in the Banking Book – Банк кітабындағы пайыздық тәуекел
RAS	Risk Assessment System – Тәуекелдерді бағалау жүйесі
SEP	Supervisory Examination Program – Қадағалау әрекеттерінің бағдарламасы
SREP	Supervisory Review and Evaluation Process – Банк тәуекелдерін шолуды және бағалауды қадағалау процесі
SupTech	Supervisory Technologies – қаржы саласындағы қадағалау мен реттеудің тиімділігін арттыру үшін пайдаланылатын инновациялық технологиялар

АЛҒЫСӨЗ

Соңғы жылдары қаржы секторы COVID-19 пандемиясы, геосаяси жағдайдың шиеленісуі және халықаралық санкциялар енгізу сияқты оқиғалар аясында жоғары тәуекелдер жағдайында дамыды. Бұл тұрғыда қаржылық жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін қажетті тәуекелдерді дәлірек және терең бағалау қаржылық реттеу мен қадағалау үшін ерекше рөл атқарады.

Озық халықаралық практикаға сәйкес 2019 жылдан бастап Қазақстанда тәуекелдерді бағалауға және аса қауіпті сегменттерге басымдық бере отырып, қадағалау ресурстарын мақсатты бөлуге негізделген банктердің қызметіне тәуекелге бағдарланған қадағалау (ТБҚ) жүйесі енгізілді. Бұл тәсіл реттеушіге негізгі қауіптерге назар аударуға және банк жүйесінде ТБҚ-ның негізгі элементі SREP қадағалау моделі болып табылады, ол банктің тәуекел бейінін жеке негізде жан-жақты бағалауға бағытталған және банктерді ол ұшырайтын тәуекел деңгейі бойынша сегменттеуге мүмкіндік береді.

Бұл Шолу SREP қадағалау моделінің маңызды аспектілерін, оның ішінде қадағалау процесінің негізгі қағидаттары мен кезеңдерін, сондай-ақ жаңартылған әдістеменің негізгі сипаттамаларын айқындайды. Агенттік жаңартылған SREP шеңберінде қадағалау қызметін жүзеге асыру кезінде реттеушінің көзқарасын айқындайтын және банктердің өз ішкі процестері мен тәуекелдерді басқару әдістерін жетілдіруі үшін бағдар ретінде қызмет ететін ұсынымдар қалыптастырды.

SREP МОДЕЛІНІҢ ҚАДАҒАЛАУ ПРОЦЕСІНДЕГІ РӨЛІ

Соңғы онжылдықтардағы қаржылық дағдарыстар банк секторында проблемалардың туындауы мен жинақталуының алғышарттарының бірі кредит беру және инвестициялау саласында теңгерімсіз саясат жүргізу, оның ішінде банктердің шамадан тыс тәуекелдерді қабылдауы, тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйелерінің болмауы, сондай-ақ банктер қызметінің ашықтығының жеткіліксіздігі салдарынан болып табылатынын көрсетті.

2008-2009 жылдардағы қаржы дағдарысының қорытындылары бойынша анықталған жаһандық қаржы жүйесінің кемшіліктері мен осалдықтарына жауап ретінде банктік реттеу мен қадағалаудың әлемдік жүйесі қаржы секторының орнықтылығын қамтамасыз ету мақсатында тәуекелдерді бағалау мен басқаруға көзқарастарды күшейтуге бағытталған түбегейлі реформалауға ұшырады. Мәселен, Банктік қадағалау жөніндегі Базель комитеті Базель III халықаралық стандарттар мен ұсынымдардың жаңа пакетін әзірледі, оның негізгі мақсаттарының бірі тәуекелдерді басқару сапасын арттыру болып табылады.

Базель III үш құрауыш шеңберінде банктік реттеу мен қадағалаудың жаңа күшейтілген тәсілдерін реттейді. Бұл ретте, егер Базель III 1-құрауышы банктің капиталына кеңейтілген ең төменгі талаптарды қолдануды көздесе, 2-құрауыш банктің капиталы мен өтімді активтерінің оның тәуекел-бейініне сәйкестігін, сондай-ақ банкте сенімді ішкі процестердің және тәуекелдерді басқарудың тиісті әдістерінің болуын қамтамасыз етуге арналған банктерді қадағалап бағалаудың негізгі қағидаттарын айқындайды.

Осылайша, 2-құрауыш 1-құрауыштың капиталына қойылатын ең төменгі талаптарды және 3-құрауыштың ақпаратын жария етуге қойылатын талаптарды толықтыра отырып, банктің тәуекел бейіні, оның тәуекелдерді басқару жүйелері, сондай-ақ капиталды жоспарлау арасындағы байланысты күшейтуге бағытталған.

Базель III 2-құрауышын енгізу әр түрлі елдердің қаржылық реттеушілері үшін өзекті міндет болды. Қадағалауды бағалау процесі жаңа стандарттар мен талаптарды енгізумен күрделене түсті.

Мәселен, Еуропа орталық банкі Еуропалық Одақтың 19 елінде, оның ішінде Франция, Германия, Италия, Испания, Бельгия, Люксембург және т.б. елдердегі SREP моделін пайдалана отырып, тәуекелге бағдарланған қадағалауды жүзеге асырды. SREP қадағалау моделі Ұлыбританияда SREP негізгі қағидаттарын ұлттық заңнамаға енгізу және бейімдеу арқылы жүзеге асырылды. Қазақстанда Еуропа орталық банкінің тәжірибесіне негізделген SREP әдіснамасы 2019 жылдан бастап жыл сайынғы қадағалау процесіне енгізілді және қолдану уақытында тәуекелге бағдарланған қадағалау процесінің негізгі құралдарының біріне айналды.



SREP ҚАДАҒАЛАУ МОДЕЛІНІҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

SREP әдіснамасы бойынша қадағалау процесінің мақсаты банктерді тәуекелдерді идентификаттау, бағалау және басқарудың сенімді және тиімді жүйелерін қалыптастыруға ынталандыру, анықталған кемшіліктерді жедел жою, сондай-ақ тәуекелдерді басқарудың ішкі процестері мен әдістерін үздіксіз жетілдіру арқылы банк секторының қаржылық орнықтылығы мен бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету болып табылады.

SREP қадағалау процесінің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:



Банк секторында, оның ішінде жеке негізде негізгі тәуекелдер мен осалдықтарды идентификаттау



Анықталған тәуекелдердің ықпал ету дәрежесін бағалау, әр түрлі тәуекелдер топтары арасындағы өзара тәуелділік дәрежесін және олардың банк қызметіне әсерін айқындау



Банктердің қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету үшін уақтылы қадағалау іс-қимылдарын қабылдау, банк секторында тәуекелдердің жинақталуының алдын алу және болдырмау мақсатында ерте араласу



Негізгі көрсеткіштер мен банктердің түзету шараларын орындау барысына мониторинг жүргізу

Алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге тиімді қол жеткізудің негізгі шарты SREP моделі бойынша қадағалау процесінің үздіксіздігі болып табылады. Бұл процестің маңызды аспектісі Агенттік пен банктер арасындағы сындарлы өзара іс-қимыл болып табылады. Бұл өзара іс-қимыл ашықтық пен айқындылық қағидаттарына негізделуге, сондай-ақ дәйекті және өзекті ақпаратпен тұрақты алмасуды көздеуге тиіс.

SREP қадағалау моделі тәуекелге бағдарланған тәсілге негізделген банктің тәуекелдерін қарау мен бағалаудың тұрақты қадағалау процесі болып табылады. Агенттік SREP әдіснамасын қолдану барысында қадағалау процесінің үздік халықаралық тәжірибелерге сәйкестігін қамтамасыз етуге арналған негізгі құраушы қағидаттар жиынтығын басшылыққа алады. Бұл ретте SREP әдіснамасының орталық парадигмасы заңнамада белгіленген ең төменгі реттеуші талаптарға сәйкестігін тексеру ғана емес, банкке тән барлық тәуекелдерді және олардың туындау көздерін қадағалап бағалау болып табылады.

” *SREP – бұл банктің ең төменгі талаптарға ресми сәйкестігін емес, оның тәуекел бейінін кешенді бағалау құралы.*

SREP БАҒАЛАУ ҚАҒИДАТТАРЫ

SREP-ті дұрыс және тиімді қолдануды қамтамасыз ету үшін қадағалау моделінің негізіне негізгі құраушы қағидаттар алынды. Бұл қағидаттар банктердің тәуекелдерін бағалауға құрылымдалған және жүйелі тәсілді қамтамасыз етеді, сонымен қатар SREP қадағалау моделі мен тұжырымдамасын жақсы түсінуге көмектеседі.



1

Объективті бағалау қағидаты бағалау рәсімдерін әділ жүргізуді көздейді. Яғни, барлық талдамалық және бағалау әрекеттері жеке қалауды, алалаушылықты және объективті емес пікірлерді қоспағанда, фактілер мен қолда бар мәліметтер негізінде жүргізілуі керек.

2

Кешенді бағалау қағидаты банктің тәуекелдер бейінін, яғни өзекті және әлеуетті тәуекелдердің барлық жиынтығын, сондай-ақ оларды азайту жөніндегі ықтимал шараларды барынша дәл көрсетуге бағытталған.

3

Тәуекелге бағдарланған қағидат неғұрлым жоғары тәуекелі бар салаларды басымдықпен қарауды, жекелеген банктің бірегей жағдайлары мен сипаттамаларына бейімделген тәуекелдерді басқару әдістерін қолдануды, сондай-ақ ресурстарды неғұрлым оңтайлы бөлуді ескере отырып, өзгермелі ортаға уақтылы және тиімді ден қоюды қамтамасыз етуді көздейді. Бұл ретте тәуекелге бағдарланған тәсілдің маңызды элементі негізделген кәсіби пікірді – дәлелді пайымдауды пайдалану болып табылады. Дәлелді пайымдауды қолдану ресми қадағалаудан алшақтауға мүмкіндік береді және банктің тәуекелдерін дәлірек бағалауды қалыптастыруға ықпал етеді.

4

Жүйелілік қағидаты қадағалау шешімдері мен қадағалау әрекеттерін қабылдауда, оның ішінде дәлелді пайымдауды қолдану барысында қисындылықты, дәйектілікті, сондай-ақ сабақтастықты қамтамасыз етуді көздейді.

5

Болжамды бағалау қағидаты оларды іске асырғанға дейін банк қызметіндегі ықтимал тәуекелдер мен проблемаларды анықтауға мүмкіндік береді. Тәуекелдерді бағалау болжамдық көрсеткіштердің, тарихи деректердің, сандық және сапалық ақпараттың кең спектрін пайдалана отырып, келешекте жүзеге асырылуға тиіс.

6

Тепе-теңдік қағидаты қадағалау шараларын бағалау және қабылдау банк қызметінің мөлшеріне, жүйелік маңыздылығына, сипаты мен ауқымына тепе-тең түрде жүзеге асырылуы тиіс деп болжайды.

7

Біртектілік қағидаты тәуекелдерді бағалауда біркелкі тәсілдерді қолдануды қамтиды, бұл бағалау құралдары мен әдістерін дұрыс пайдаланбаудың алдын алуға көмектеседі, сонымен қатар нәтижелердің салыстырылуын қамтамасыз етеді.

8

Үздіксіз жетілдіру қағидаты SREP әдіснамасын халықаралық стандарттар мен озық тәжірибелерге сәйкес үнемі жаңартып отыруды және өзектендіруді білдіреді, бұл банктерді өздерінің ішкі процестері мен жүйелерін жақсартуға ынталандырады.


SREP бағалау қағидаттарын ұстану тиімді және орнықты банктік қадағалауды құруда басты мәнге ие болып табылатынын атап өту маңызды. Бұл қағидаттар банк саласындағы тәуекелдерді бағалау мен басқаруға жүйелі және теңестірілген тәсілді қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен қатар ашық қадағалау процесін қалыптастыруға ықпал етеді. Атап айтқанда, осы қағидаттарды терең түсіну және оларға сәйкестік банк секторы тарапынан реттеушіге деген сенімді нығайтуға ықпал етеді.

SREP КЕЗЕҢДЕРІ

SREP әдіснамасы бойынша қадағалау процесі үш кезеңнен тұратын толыққанды және үздіксіз қадағалау циклі болып табылады. Үш негізгі кезеңді бөліп көрсету банктерді қадағалап бағалаудағы тұтастық пен дәйектілікті қамтамасыз ету үшін өте маңызды болып келеді.



SREP графигі



1-КЕЗЕҢДЕ SEP қадағалау әрекеттерінің жылдық бағдарламасы (Supervisory Examination Program) әзірленеді. SEP қадағалау әрекеттерінің басты бағыттарын, олардың басымдылығын және қарқындылығын айқындай отырып белгілейді. Бағдарлама тәуекелдерді SREP бағалау, қашықтан қадағалау нәтижелерін, сондай-ақ инспекторлық және басқада тексеру түрлері барысында алынған қорытындыларды қоса алғанда, жан-жақты талдауға негізделеді. Осылайша, SEP банк қызметіне бір күнтізбелік жыл бойы қадағалау үшін кешенді жоспар ретінде болады.

Ағымдағы макроэкономикалық және нарықтық ахуалды негізге ала отырып, RAS жүйесі бойынша банктерді қадағалап бағалау жүргізген кезде реттеушінің басты назарын көрсететін кіріс деректер мен міндеттер қалыптасады.


2-КЕЗЕҢДЕ RAS жүйесі бойынша тәуекелдерді талдау, сондай-ақ тәуекел-факторларды алдын ала талдау үшін сандық және сапалық деректерді жинау жүзеге асырылады. Бағалау барысында қосымша материалдыр мен түсіндірмелер алу мақсатында банктермен өзара іс-қимыл жасалады, SREP есептеу, рейтингін түзету жүзеге асырылады, әрбір банк бойынша жиынтық есеп қалыптастырылады. RAS тәуекелдерді бағалау жүйесі бойынша қадағалап бағалау 4 санат бойынша сапалық және сандық талдау негіздері бойынша жүргізіледі:

Бизнес-моделді
талдау

Капитал
тәуекелдерін
талдау

Өтімділік
тәуекелдерін
талдау

Корпоративтік басқаруды
және тәуекелдерді
басқаруды талдау



3-КЕЗЕҢДЕ RAS тәуекелдерін бағалау жүйесі сандық және сапалық талдау қорытындылары бойынша әрбір банкке төменде ұсынылған шкалаға сәйкес SREP рейтинг беріледі.

Рейтинг	Значение
1	Төменгі тәуекел. Топтың немесе оның ұйымының тәуекелдің тән деңгейін ескере отырып пруденциялық элементтеріне айтарлықтай ықпалының көрінетін тәуекелі жоқ.
2	Қалыпты төмен тәуекел. Топтың немесе оның ұйымының тәуекелдің тән деңгейін ескере отырып пруденциялық элементтеріне айтарлықтай ықпалының төмен тәуекелі бар.
3	Қалыпты жоғары тәуекел. Топтың немесе оның ұйымының тәуекелдің тән деңгейін ескере отырып пруденциялық элементтеріне айтарлықтай ықпалының орташа тәуекелі бар.
4	Жоғары тәуекел. Топтың немесе оның ұйымының тәуекелдің тән деңгейін ескере отырып пруденциялық элементтеріне айтарлықтай ықпалының жоғары тәуекелі бар.

Сандық және сапалық бағалау қорытындысы бойынша қадағалау шараларын (қажет болған жағдайда) қолдану туралы шешім қабылданады. Шараларды таңдау күтілетін шығасылар теңбе-теңдігі, тиімділігі, балансы және қолдану пайдасы, сондай-ақ банктің оларды орындау мүмкіндігін бағалау қағидаттарына негізделетінін атап өту маңызды.

SREP рейтингі негізінде БҚБК 2-құрауышына (Pillar 2 requirement, P2R) сәйкес банктің капиталына қадағалау үстемеақысы белгіленеді, ол банктің жеке тәуекел-бейінін көрсететін міндеті пруденциялық норматив болып табылады.

ҚАДАҒАЛАУ ҮСТЕМЕАҚЫСЫ

БҚБК 2-құрауышының қағидаттарына сәйкес банктерде өз тәуекелдерін өтеу үшін капиталдың жеткілікті, оның ішінде 1-құрауышы бойынша капиталға қойылатын ең төменгі талаптар шеңберінде ескерілген деңгейі болуы тиіс. Оның үстіне 2-құрауыш шеңберінде қадағалау органдары банктер өздерінің тәуекелдеріне қатысты капиталға деген өз қажеттіліктерін қаншалықты барабар бағалайтынын және тиісті шаралар қабылдайтынын айқындайды. Осылайша қадағалау үстемеақысы шамадан тыс тәуекелдер, капитал жеткіліксіздігі немесе тәуекелдерді басқарудағы басқа да кемшіліктер анықталған кезде оларды азайту, кемшіліктерді жою немесе капитал жеткіліктілігін арттыру үшін жедел әрекеттер қабылдау үшін банктер мен қадағалау органдары арасында белсенді диалогты қамтамасыз етуге негізделген.

Қадағалау үстемеақысы (*Pillar 2 requirement, P2R*) Агенттік банктің капиталына қоятын міндетті және 1-құрауыш шеңберінде ескерілмеген немесе ішінара ескерілген тәуекелдерді қадағалап бағалауды көрсететін пруденциялық талапты білдіреді.

Қадағалау үстемеақысы 2024 жылғы бағалау қортындысы бойынша банктер үшін жеке алғаш рет қолданылатын болады. Қадағалау үстемеақысының мынадай түрлері айқындалған:

- тәуекелдерді ескере отырып, активтер, сараланған шартты және ықтимал міндеттемелер сомасының **0 - 6%** аралығындағы диапазонымен тұрақты AQR өлшемшартына кірген банктер үшін **SREP және тұрақты AQR нәтижелері бойынша үстемеақы**;
- тәуекелдерді ескере отырып, активтер, сараланған шартты және ықтимал міндеттемелер сомасының **0 - 3%** аралығындағы диапазонымен тұрақты AQR өлшемшартына кірмегенген банктер үшін **SREP нәтижелері бойынша үстемеақы**.

” Қадағалау үстемеақысы бойынша талаптарды сақтамау ықпал етудің қадағалау шараларын қолдануға әкеледі.

Қадағалау үстемеақысы оның шамасын айқындау кезінде дифференцияланған матрикалық тәсілді қолдануды көздейді, банктің меншік капиталына белгіленеді және негізгі капитал (k1) есебінен кемінде **56,25%** өтеледі және бірінші деңгейдегі капитал (k1-2) есебінен кемінде **75%** өтеледі.

Қадағалап стресс-тестілеу (ҚСТ) нәтижесінің халықаралық тәжірибесіне сәйкес банктердің капиталы құрылымында буферді белгілеу үшін қолданылатындығын атап өту қажет. Қазақстанда ҚСТ нәтижелері бойынша буфер негізгі капиталға **0 - 3%** аралығы диапазонында белгіленеді. Бұл ретте ҚСТ буферінің ұсынымдық сипаты бар және оны сақтамау дивидендтер төлеуге шектеуді білдіреді.

Капитал құрылымындағы қадағалау үстемеақысы

AQR өлшемшартына кірген банктер		AQR өлшемшартына кірмеген банктер	
Қадағалап стресс-тестілеу нәтижелері бойынша буфер	0-3%	Қадағалап стресс-тестілеу нәтижелері бойынша буфер	0-3%
Контрциклдық буфер	0-3%	Контрциклдық буфер	0-3%
Консервациялық буфер	2,5-3%	Консервациялық буфер	2,5-3%
SREP және AQR нәтижелері бойынша қадағалау үстемеақысы	0-6%	SREP нәтижелері бойынша қадағалау үстемеақысы	0-3%
Меншікті капитал (к2)	8%	Меншікті капитал (к2)	8%
Бірінші деңгейдегі капитал (к1-2)	6,5%	Бірінші деңгейдегі капитал (к1-2)	6,5%
Негізгі капитал (к1)	5,5%	Негізгі капитал (к1)	5,5%

* Жүйелік буферді ескермей

Қадағалау үстемеақысын енгізу капиталға қойылатын талаптарда жеке банктің тәуекелінің жеке факторларын толық көлемде көрсетуді ғана емес, сонымен қатар бірыңғай қадағалау процесіне SREP-пен қатар екі өзара толықтыратын қадағалау құралы – тұрақты AQR және қадағалап стресс-тестілеуді біріктіруге мүмкіндік береді.

2020ж. бастап 2023 ж. дейін Агенттік банк секторында тәуекелге бағдарланған қадағалауға толыққанды көшті. Осы кезең ішінде бірегей қадағалау процесіне SREP, тұрақты AQR және қадағалап стресс-тестілеу сияқты маңызды өзара толықтырушы құралдар ықпалдастырылды. SREP корпоративтік басқару мен тәуекелдерді басқарудың ішкі процестерінің барабарлығын бағалауға бағытталған банктің барлық тәуекел-бейінін кешенді талдауды көздейді. Өз кезегінде, тұрақты AQR Қазақстанның банк жүйесінде аса маңызды болып табылатын банктердің кредиттік тәуекел деңгейінің неғұрлым нақты бағалануына қол жеткізу мүмкіндігін білдіреді. Сонымен қатар, қадағалап стресс-тестілеуді қолдану экономиканы дамытудың ықтимал жағымсыз сценарийлерін ескере отырып, банктер капиталының жеткіліктілігін бағалауға мүмкіндік береді.

Үш жылдық кезең ішінде өткізілген іс-шаралардың нәтижелері банктердегі бизнес-процестердің айтарлықтай түрленгенін және жетілдірілгенін көрсетеді, атап айтқанда:

- тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару саласындағы негізгі бизнес-процестер жаңартылды;
- 9 ХЕҚС-ке сәйкес қаржылық активтерді жіктеу бойынша процестер пысықталды;
- кепілмен қамтамасыз етуді бағалау процестері жетілдірілді;
- бизнес-процестердегі автоматтандырылған операциялардың деңгейі едәуір артты.

Қабылданған шаралардың арқасында банктердің ең төменгі реттеуші талаптарға сәйкестігі ғана қамтамасыз етіліп қоймай, сонымен қатар тәуекелдерді неғұрлым сапалы басқаруға көшудің негізі қаланды. Тәуекелдерді басқару жүйелерін одан әрі дамыту және корпоративтік басқарудың үздік халықаралық тәжірибелеріне сәйкестігін қамтамасыз ету мақсатында Агенттік SREP әдіснамасын жетілдіру бойынша жұмысты бастады.

2022 жылдың ортасынан бастап Агенттік SREP әдіснамасын жетілдіру бойынша жұмыстар жүргізуді бастады. Жетілдіру үшін анықталған салалар, жинақталған тәжірибе және өткен жылдардың қорытындылары әдіснаманы қайта қарауға ынталандыру болды. Жаңартылған әдістеме 2023 жылғы желтоқсанда бекітілді және SREP қадағалау моделінің жалпы тиімділігін арттыруға бағытталды.

Талдамалық топ. Жетілдіруге болатын негізгі бағыттар туралы терең және жан-жақты түсінік алу үшін арнайы талдамалық топ құрылды. Қадағалау бөлімшесінің қызметкерлерімен шектелмей, оның жұмысына көптеген мамандарды тарту жаңа тәсілдерді қалыптастырудың маңызды аспектісі болды.

Қатысушыларды іріктеу тиісті кәсіби тәжірибенің болуын, әдістемені қайта қараудың міндеттері мен мақсаттарына сәйкес мамандандырылған құзыреттер мен дағдылардың жоғары деңгейін қамтитын қатаң өлшемшарттар негізінде өткізілді. Сонымен қатар, Топ құрамын қалыптастыру кезінде оның қатысушылары арасында білім мен сараптаманың кең спектрін қамтуға ұмтылу – көрнекілік принципі ескерілді.

Халықаралық сарапшылар. Топтың жұмысына Агенттіктің әдістемелік, талдамалық және қадағалау бөлімшелерінің қызметкерлері, оның ішінде жоғарғы басшылық тартылды. Талдамалық топтың жұмысы тәуекелдерді басқару, қаржылық талдау, стратегиялық жоспарлау және корпоративтік басқару саласында жоғары біліктілікке және тәжірибеге ие халықаралық сарапшылардың консультацияларымен қатар жүрді.

2022-23 жж. аралығында талдамалық топ мүшелері келесі бағыттар бойынша ауқымды жұмыстар жүргізді:



1 Қадағалау басымдықтарын қалыптастыру, банкке сұрау салуды жіберу, RAS жүйесі бойынша тәуекелдерді бағалау, рейтинг қою, қадағалау шешімін қабылдау және қажет болған жағдайда қадағалау шараларын қолдану кезеңдерін қоса алғанда, әрбір кезең бойынша қолданыстағы қадағалау циклының тиімділігін диагностикалау және бағалау жүзеге асырылды.

2 Банктік реттеу және қадағалау саласындағы халықаралық стандарттар мен ұсынымдар, сондай-ақ тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың ең өзекті үрдістері мен үздік тәжірибелері зерттелді.

3 Қазақстандық банк секторының ерекшеліктері мен реалийлерін барынша нақты көрсету мақсатында халықаралық стандарттарды қолданудың ақылға қонымдылығы мен талап етілетін бейімдеу деңгейі бағаланды.

4



Диагностикалау барысында SREP жекелеген сандық көрсеткіштері тексеру модельдерін талап ететіні анықталды, себебі банктерде анық әрі балама әдістеменің болмауына байланысты банктен алынатын нәтижелер салыстыруға келмейді. Осылайша, IRRBB, операциялық тәуекел және өмір сүру аралығын есептеу үшін тексеру модельдері құрылды.

5



Пысықталған әдістеме толық көлемде енгізілмес бұрын пилоттық режимде мұқият тексерілді. Пилоттық жоба жаңартылған әдістеменің практикалық тиімділігі мен орындылығын бағалауға мүмкіндік берді. Тестілеуге іріктелген банк мекемелері қатысты. Пилоттық жобаның нәтижелері мұқият талданды және оны бекітпес бұрын әдістемені одан әрі жетілдіру және оңтайландыру үшін пайдаланылды.

6



Жетілдіру бойынша жүргізілген жұмыстың қорытындысы жаңа SREP әдістемесін бекіту болды. Сондай-ақ, SREP-тің негізгі аспектілерін түсіндіру және жаңартылған әдістеме бойынша қадағалап бағалау шеңберінде Агенттік ұсынымдарын жариялау туралы шешім қабылданды.

SREP жаңа әдістемесін әзірлеу барысында Талдамалық топ жалпы ұзақтығы 300 сағаттан астам отырыс өткізді. Осы кездесулер барысында 100-ден астам ішкі құжаттарға, сондай-ақ көптеген халықаралық стандарттар мен тәжірибелерге талдау жүргізілді. Зерттелген материалдардың ішінде COSO қағидаттары, ISO стандарттары, ЭЫДҰ Басқару кодексінің стандарттары, GARP практикасы болды, сондай-ақ Еуропалық орталық банктің, Англия Банкінің және басқа да жетекші қаржы институттарының тәжірибесі зерттелді. Жүргізілген терең және жан-жақты талдау банктік қадағалау саласындағы уақытпен тексерілген тәсілдерді де, озық тәжірибелерді де ескеретін жаңартылған SREP әдістемесін қалыптастыруға мүмкіндік берді.

БАНКТЕРДІ БАҒАЛАУ ТӘСІЛДЕРІН ҚАЙТА ҚАРАУ

Жаңартылған SREP-тің негізгі ерекшелігі ішкі регламенттер мен ІНҚ-ның формальды түрде болуын тексеруден тәуекелдерді басқару жүйесі мен ішкі бақылаудың нақты процестерінің барабарлық және тиімділік деңгейін талдауға өту болып табылды.

” Жаңартылған SREP құжаттарды формальды түрде тексеру аясынан шығып, тәуекелдерді басқару жүйесі мен ішкі бақылаудың тиімділігіне талдау жасайды.

Жаңартылған тәсілдің негізгі элементтері:

- **Банктермен сұхбат жүргізу.** Сұхбат жүргізілген бағалаудың транспаренттілігінің жоғары деңгейін және тұтастай алғанда, құрылған процестерді жан-жақты зерделеуге мүмкіндік беретін тұтастай қадағалау циклының жоғары ашықтығын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ сұхбат Агенттікпен диалог құру процесінде банктер үшін қосымша кері байланыс арнасы ретінде қызмет етеді.
- **Комплаенс-топтың бағалауын валидациялау** банктердің тәуекелдерін неғұрлым жан-жақты, кешенді бағалауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. COMPLAENS-ТОП - Агенттіктің әдіснамалық, талдамалық және басқа бөлімшелерінің қызметкерлерінен тұратын алқалы топ, ол бағалаудың шынайылығын, дұрыстығын және жарамдылығын тексереді.
- **Қайта қаралған сапалық және сандық мәселелер** тәуекелдерді жақсырақ сәйкестендіруге, бағалауға және басқаруға мүмкіндік бере отырып, банк қызметін дәлірек талдауды қамтамасыз етеді.
- **SREP бағалауын жүргізу үшін жеке бөлімше бөлу арқылы институционалдық нығайту.** Мамандандырылған басқарудың болуы SREP жүргізу үшін қажетті ресурстарды мақсатты пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл банктердің қызметін тереңірек және жан-жақты бағалауды қамтамасыз ететін адами және техникалық ресурстарды қамтиды.

RAS ТӘУЕКЕЛІН БАҒАЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ КӨРСЕТКІШТЕРІН ҚАЙТА ҚАРАУ

SCRUM әдіснамасының мазмұндық бөлігін жетілдіру шеңберінде RAS сапалық және сандық көрсеткіштерін қайта қарау бойынша жұмыс жүргізілді.

Сандық талдауды жетілдіру

Сандық талдау блогы тәуекел факторларын тәуекел деңгейі мен қарқындылығы бойынша бағалайды. Қолданыстағы SREP банктерді 33 сандық көрсеткіш бойынша бағалауды қарастырады.

- RAS жүйесінің тиімділігіне жүргізілген диагностикалау қорытындысы бойынша ағымдағы көрсеткіштер жиынтығы қайта қаралып, өзектендірілді. Атап айтқанда, деректердің кең спектрін пайдалануды ескере отырып, қолданыстағы көрсеткіштерді оңтайландыру жүргізілді.
- Қазіргі уақытта өзекті және маңызды тәуекел-факторларын барынша нақты көрсету мақсатында қолданыстағы әдіснаманың 4 көрсеткішінің орнына 3 жаңа сандық көрсеткіш қосылды. Жаңа көрсеткіштер бойынша шектер жаңартылған SREP тәсілдеріне біртіндеп өтуді қамтамасыз ететін болып құрылды.
- Талдамалық топ жұмысының нәтижелері негізінде, сондай-ақ банктерді пилоттық тестілеу нәтижелерін ескере отырып, қолданыстағы сандық көрсеткіштер бойынша шектер бөлшектенді.

Жаңа сандық көрсеткіштер пруденциялық реттеудің негізгі қағидаттарын көрсетеді. Бұл көрсеткіштер өтімділіктің және капиталдың жеткіліктілігі, ICAAP және ILAAP процестері және шоғырлану тәуекелдері сияқты негізгі аспектілерді қамтиды. Жаңа сандық көрсеткіштердің айрықша ерекшелігі олардың бірнеше деңгейге саралануы болып табылады. Сонымен қатар, стандартты нормативтік талаптардың аясынан тыс, бірақ банктің тәуекелінің жалпы дәрежесін бағалау үшін маңызды, соның ішінде дефолт деңгейі, негізгі қаржылық көрсеткіштердің құбылмалылығы, резервтеу деңгейі және т. б. сияқты қосымша көрсеткіштер біріктірілді.

Сандық талдауды жетілдіру

RAS жүйесінің сапалық талдау блогы тәуекел факторларын оларды бақылау тұрғысынан бағалайды және сандық талдау шеңберінде қамтылмаған аспектілер бойынша туындауы мүмкін әлсіз жақтар мен осалдықтарды, сондай-ақ құрылатын және тиісінше жұмыс істемейтін бақылау тетіктерін анықтауға мүмкіндік береді.

- Жаңартылған SREP аясында сапалық талдау құру тұжырымдамасының өзі қайта қаралды. Атап айтқанда, жаңа әдістемедегі сапалық сұрақтар шағын сұрақтар мен өлшемшаттар жүйесін қолдана отырып, көп деңгейлі сипатқа ие, бұл бағалаудың дәлдігі мен өзектілігін арттыра отырып, неғұрлым терең және егжей-тегжейлі талдау жүргізуге мүмкіндік береді.
- Жүргізілген жұмыстың нәтижесінде қолданыстағы әдіснаманың 122 сұрағынан тұратын жинақ жаңа шағын сұрақтар мен өлшемшарттарды енгізу есебінен өзектендіріліп, 227-ге дейін кеңейтілді.
- Сапалық талдау бұдан былай негізгі банктік операциялар аясында ғана емес, сонымен қатар банктің әртүрлі функционалдық бағыттары мен басқару органдарын ескере отырып жүзеге асырылады.
- Пилоттық тестілеу нәтижелерінің қорытындысы бойынша сапалық сипаттағы сұрақтар да бөлшектелді, ал банктермен жүргізілген сұхбаттар барысында алынған кері байланыс оларды қорытындылау кезінде ескерілді.

Жаңа сапалық сұрақтар тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың негізгі қағидаттарына сәйкес келеді. Бұл сұрақтар Агенттіктің қаулыларына сәйкес әзірленді, сонымен қатар корпоративтік басқару саласындағы озық халықаралық тәжірибелерді ескереді.

SREP БАҒАЛАУЫН АВТОМАТТАНДЫРУ

SREP процесін жетілдірудегі негізгі кезеңдердің бірі – қадағалау қызметін цифрландыру. Бұл қадам заманауи технологиялар мен цифрлық шешімдерді қадағалау рәсімдеріне ықпалдастыруды көздейді, бұл деректерді талдау тиімділігін және жылдамдығын айтарлықтай ұлғайтады. Бұл бағыт шеңберінде Агенттік «SREP» Web-қосымшасын әзірледі.

«SREP» Web-қосымшасының (i) қадағалау басқармаларының жетекшілері; (ii) Комплаенс-топтың мүшелері; (iii) Агенттік басшылығы үшін үш деңгейлі қолжетімділік деңгейі бар және ол мыналарға мүмкіндік береді:

- банктер бойынша қадағалап бағалау деректеріне орталықтандырылған есепке алуды жүргізу (оның ішінде бірыңғай базада сапалық және сандық блоктар бойынша ақпаратты, сондай-ақ есептерді сақтау);
- қадағалау басқармалары жетекшілерінің әрбір кіші процесс және сапалық бөлім блогы бойынша пайымдауларын сақтау мен толтыру, сондай-ақ жұмыстар жоспарын қалыптастыру;
- талдамалық мақсаттар үшін әрбір банк бойынша қадағалап бағалау бойынша тарихи ақпаратты жинақтау мен сақтау (жиынтық есептерді, сапалық блокқа жауаптарды және сандық блок есептеулерін сақтауды қоса алғанда);
- блоктар бойынша толтырылған ақпарат негізінде мықты және әлсіз тұстарын көрсете отырып, банк бойынша SREP есебін автоматты түрде қалыптастыру;
- банктер бойынша қадағалап бағалауды жүргізу/толтыру дәрежесін қадағалау.

«SREP» Web-қосымшасы кешенді қадағалау супер-қосымшасына ықпалдастырылатын негізгі модульдердің бірі болып табылады. Бұл қосымша Агенттіктің SupTech бастамаларының бөлігі ретінде әзірленеді және талдамалық құралдардың, оның ішінде машиналық оқыту технологияларымен жабдықталған құралдардың қолданылуын болжайды.

SREP ЖАҢАРТЫЛҒАН ӘДІСНАМАСЫ БОЙЫНША IMPACT STUDY

SREP әдіснамасын жетілдірудегі және қайта қарастырылған тәсілдердің тиімділігіне диагностика жасаудағы маңызды құрал Impact Study – банктерге пилоттық тестілеу жүргізу болды. Пилоттық тестілеу аясына жыл сайынғы AQR бағалауға және қадағалап стресс-тестілеуге қатысушы 11 банк кірді.

2023 жыл бойы банктермен 50-ден астам сұхбат жүргізілді, олардың барысында бюджеттік және стратегиялық жоспарлаудың белгіленген практикасы, экономикалық капиталдың жеткіліктілігін бағалаудың қабылданған тәсілдері мен әдістері, айтарлықтай тәуекелдерді идентификаттау/бағалау, стресс-тестілеу нәтижелерін ықпалдастыру туралы мәселелер және банктегі басқа да маңызды процестер талқыланды.

Пилоттық тестілеу барысында банктердің практикасы ішкі нормативтік құжаттардан және мәлімделген процестерден ауытқығаны анықталды. Сондай-ақ жекелеген банктерде мынадай жағдайлар белгіленді:


- Директорлар кеңесі банкті жалпы басқаруға жеткілікті түрде тартылмаған және тәуекелдерді басқарудың қадағалау функциясы іске асырылмайды;
- Тәуекелдерді басқарудың тиімсіз моделі, оның ішінде тәуекел-дәреже, тәуекелдер мен бақылау матрицасы, тәуекелдер тізілімі мен картасы және т.б. сияқты тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі құрауыштары жоқ;
- Агенттіктің тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру бойынша жекелеген талаптары сақталмайды.

Тұтастай алғанда, жүргізілген пилоттық тестілеу нәтижелері SREP қолданыстағы әдіснамасын қайта қараудың маңыздылығын, SREP-ке арналған жаңа тәсілдердің дәрменділігін, сондай-ақ RAS бағалау жүйесінің қайта қаралған көрсеткіштерінің барабарлығын және қолданылу деңгейін растады.

SREP әдіснамасының негізгі қағидаты кемшіліктерді жедел анықтау мен жоюға бағытталған банктің тұтастай тәуекел-бейіні мен тиісті тәуекел-факторларын кешенді бағалау болып табылады. Бұл ретте реттеушінің қадағалау іс-әрекеттерінің түпкі мақсаты банктердің өздерінің ішкі процестері мен жүйелерін үздіксіз жетілдіру болып табылады. Реттеуші SREP бағалауын жүзеге асыратын уақытта басшылыққа алатын негізгі тәсілдерді анық түсіну үшін Агенттік БҚБК, ЭЫЖДҰ мен ҚТК қағидаттарына негізделетін ұсынымдарды қалыптастырды.

” Жаңартылған SREP жағдайында Агенттік банктер корпоративтік басқару салысындағы ең төменгі талаптарға сәйкес болып қана қоймай, сондай-ақ алдыңғы қатарлы әдістер мен үздік практикаларды белсенді түрде енгізеді деп күтеді.

Бұл ретте банктер барынша назар аударуы қажет негізгі салалар:



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ РӨЛІ

Директорлар кеңесі стратегиялық мақсаттардың, тәуекелдерді басқару стратегияларының, корпоративтік басқарудың және корпоративтік құндылықтардың іске асырылуын бекітуді, бақылауды және мониторингті қоса алғанда, банкке жалпы басшылық етуге жауапты болады.

Директорлар кеңесінің қызметін жетілдірудің шеңберінде банктер мынадай ұсынымдарды басшылыққа алады:

- Директорлар кеңесі жеке деңгейде де, ұжымдық деңгейде де кәсібилік пен жеке адалдықты қоса алғанда тиісті тәжірибеге, білімге, құзыреттілікке және жеке қасиеттерге ие.
- Директорлар кеңесі жергілікті, өңірлік, әлемдік экономикалық және нарықтық үрдістерді сараптамалық тұрғыдан терең түсінеді, сондай-ақ банк қызметінің құқықтық және нормативтік аспектілерін жоғары деңгейде біледі.
- Директорлар кеңесінің сандық және дербес құрамы тиімді және ашық іріктеу рәсімдері негізінде қалыптастырылған, сондай-ақ мәселелерді барынша конструктивті талқылауды және сапалы ұтымды басқарушылық шешімдер қабылдауды қамтамасыз етеді.
- Директорлар кеңесі Басқарма пікірінен де, сондай-ақ саяси немесе жеке мүдделерінен де тәуелсіз объективті пайымдар шығаруға қабілетті. Бұл қабілет Банктің көлемін, күрделілігін және географиялық қамтуын ескере отырып, кандидаттардың кең ауқымынан Директорлар кеңесінің мүшелерін таңдау арқылы күшейтілуі мүмкін. Тәуелсіздік Директорлар кеңесінің құрамына көбірек білікті тәуелсіз мүшелерді қосу арқылы күшейтілуі мүмкін.
- Директорлар кеңесі өз қызметінде «duty of care» («қамқорлық жасау міндеті») және «duty of loyalty» («адал болу міндеті») қағидаттарын ұстанады, олар тек Банктің және барлық мүдделі тараптардың мүддесі үшін мұқият талдау және негізделген ақпарат негізінде салмақты шешімдер қабылдауды көздейді.

- Директорлар кеңесі тиімді түрде шешім қабылдауға және тиісті түрде басқаруға ықпал ететін ұйымдық құрылымның болуын және жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.
- Директорлар кеңесі өз мүшелерінің оларды кімнің тағайындайтынына қарамастан банктің өзінің алдында, реттеуші мен басқа да мүдделі тараптардың алдында жауапты екенін түсінеді.
- Директорлар кеңесінің жұмыс регламенті мәселелерді уақтылы және нәтижелі қарауға және талқылауға ықпал ететіндей құрылымдалған.
- Банкте қаралған мәселелер мен шешімдер баяндалған тиісті жазбаларды жүргізу көзделген. Бұл жазбалар Директорлар кеңесі мүшелерінің өз міндеттерін орындау фактілерін құжаттауы керек.
- Директорлар кеңесі банктің қызметіне қатысты маңызды құжаттарды жай ғана таныстырумен және назарға алумен шектелмей, олардың маңыздылығын түсіне отырып, оларды бекітуге белсенді түрде қатысады.
- Директорлар кеңесі мүдделер қақтығысына қатысты саясатты әзірлеуді және енгізуді, сондай-ақ осы саясатты іске асырудың объективті процесін қамтамасыз етеді.
- Директорлар кеңесі «жоғарыдан тон» немесе «tone at the top» орнатуда жетекші рөл атқарады, бұл Директорлар кеңесінің, Басқарманың және банк қызметкерлерінің адал қызмет етуіне ықпал ететін кәсіби стандарттар, оның ішінде тәуекелдерді басқару, корпоративтік басқару және корпоративтік құндылықтар саласында кәсіби стандарттар белгілеуді білдіреді.
- Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін сақтау үшін оған тұрақты түрде бағалау жүргізіледі. Бағалау жүргізуде сыртқы консультанттардың көмегі осы процестің объективтілігіне ықпал етуі мүмкін.

БАСҚАРМАНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ РӨЛІ

Директорлар кеңесінің жалпы басшылығымен Басқарма банк қызметінің бизнес-стратегияға, Директорлар кеңесі бекіткен тәуекелдің/тәуекел дәрежесі стратегиясының рұқсат етілетін деңгейіне сәйкестігін қамтамасыз етуге тиіс.

Басқарманың қызметін жетілдірудің шеңберінде банктер мынадай ұсынымдарды басшылыққа алады:

- Басқарма мүшелері банктің қызметін басқаруға қажетті тәжірибеге, құзыретке және адалдыққа, сондай-ақ банктің негізгі процестерін басқару үшін тиісті өкілеттіктер мен мандатқа ие.
- Басқарманың сандық және дербес құрамы стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ететін негізді басқарушылық шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін тиімді және ашық іріктеу рәсімдері негізінде қалыптастырылған.
- Басқарма мүшелері банк қызметінің бекітілген бизнес-стратегияға, тәуекелдің және тәуекел дәрежесінің рұқсат етілетін деңгейіне сәйкестігін қамтамасыз ете отырып, жеке үлгі/іс-қимыл (оның ішінде Директорлар кеңесімен қатар «жоғарыдан тон») арқылы банкті сенімді корпоративтік басқаруды қамтамасыз етуге елеулі үлес қосады.
- Басқарма мүшелері банк қызметкерлері арасында міндеттерді бөлуге және есеп берушілік пен ашықтықтың жоғары деңгейін қамтамасыз ететін басқару жүйесін қалыптастыруға жауапты.
- Басқарма мүшелері өздерінің берілген міндеттер мен функциялардың орындалуын бақылау міндетін, сондай-ақ банк қызметінің нәтижелері үшін Директорлар кеңесі алдындағы өзінің түпкілікті жауапкершілігін түсінеді.
- Басқарма мүшелері Директорлар кеңесінің нұсқауларына сәйкес тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың кешенді және тәуелсіз жүйесін құрады.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ БЮДЖЕТТІК ЖОСПАРЛАУ

Стратегиялық және бюджеттік жоспарлау банкті басқару жүйесінде негізгі орынға ие және бір-бірімен тығыз өзара байланысты. Стратегиялық жоспарлау бизнес-ортадағы өзгерістерге бейімделуге, әлеуетті тәуекелдер мен мүмкіндіктерді болжауға көмектесе отырып, банк дамуының ұзақ мерзімді мақсаттары мен бағыттарын айқындайды. Сонымен бірге, бюджетті жоспарлау ресурстарды бөлуге баса назар аударады, қаржылық көрсеткіштердің және стратегиялық жоспарлардың орындалуын бақылау құралы болады.

Стратегиялық және бюджеттік жоспарлау процестерін жетілдіру шеңберінде банктер төмендегідей ұсынымдарды басшылыққа алады:

- Банк бюджеті жоспарлы көрсеткіштерге сәйкес орындалады, бұл ретте банкте банк қызметінің іс жүзіндегі көрсеткіштерінің жоспарланған көрсеткіштерден ауытқуын уақтылы қадағалауға, ауытқулардың себептерін анықтауға, сондай-ақ бюджеттің атқарылуын қамтамасыз ету шараларын қолдануға мүмкіндік беретін бюджет пен стратегияның атқарылуын бақылаудың тиімді процестері жасалған.
- Банктің Директорлар кеңесі стратегиялық және қаржылық басқарудың бүкіл процесіне белсенді түрде тартылған, оған стратегиялық және қаржылық жоспарларды әзірлеу, іске асыру және бақылау кіреді. Бұл тарту процесі оның ішінде қабылданатын шешімдердің негізгі аспектілеріне жан-жақты құжаттама жасай отырып, банктің стратегиялық және қаржылық мәселелері бойынша жүйелі отырыстар өткізу арқылы көрініс табады.
- Банк бұл процесті жалпы бизнес-стратегияға, тәуекел-дәреже стратегиясына және қаржылық жоспарларға тиімді тұрғыдан ықпалдастыра отырып, барлық айтарлықтай тәуекелдер түрлерін ескере отырып капиталға қажеттілікке кешенді талдау жүргізеді.
- Банктегі стратегия мен бюджетті қалыптастыру, іске асыру және атқарылуын бақылау процестері барынша оңтайлы түрде құрылған, олар регламенттелген, ортаның өзгермелі жағдайларына жедел ден қоюды қамтамасыз ете отырып, икемді және ашық болып табылады.

- Банк бюджетті/стратегияны қайта қарау қажет жағдайларды айқын түсінеді, сондай-ақ оның осындай жағдайлар үшін ауысу жоспары бар. Оған банктің экономикалық ортадағы өзгерістерге тиімді ден қоюға дайындығы мен қабілеті, нарықтық құбылмалылықтар немесе оның қаржылық жағдайына әсер етуі мүмкін басқа да оқиғалар кіреді. Банк ағымдағы нарықтық үрдістерді барынша дәл көрсету және әлеуетті тәуекелдерді барынша азайту үшін өзінің бюджетін/стратегиясын жедел түрде бейімдеуге дайындығын және қабілетін көрсетеді.
- Банктің бизнес-моделі орнықты және мемлекеттік қолдау шараларына байланысты емес. Бұл мемлекеттің тікелей араласуынсыз немесе қаржылық көмегінсіз өзінің қызметі мен өсуін қолдау үшін банктің нақты айқындалған стратегиясы мен жеткілікті ішкі ресурстарының бар екендігін білдіреді.
- Көзделмеген мән-жайлар басталған жағдайда қызметтің аса маңызды түрлерінің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін банкте қалпына келтіру жоспары әзірленіп, тұрақты түрде өзектендірілуде. Бұл жоспар ықтимал дағдарысты жағдайлар кезінде банктің ұзақ мерзімді орнықтылығын және жұмыс істеу қабілетін қалпына келтіруге бағытталған іс-шаралардың нақты тәртібін регламенттейді.
- Банк ресурстарды тиімді басқаруға деген ұмтылысты көрсете отырып, стратегиялық және қаржылық жоспарлау үшін озық құралдарды белсенді түрде енгізеді. Бұл құралдар ағымдағы қаржылық деректерді талдауды ғана қамтамасыз етпей, сол сияқты болашақ нәтижелерді болжау үшін түрлі сценарийлерді модельдеу мүмкіндігін ұсынады.
- Банктің ішкі аудитінің стратегиялық жоспарлау мен бюджеттің дәлдігін, өзектілігін және белгіленген мақсаттар мен реттеушілік талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етуде маңызды рөлі бар. Оған жоспарлау, тәуекелдерді талдау рәсімдерінің барабарлығын және тиімділігін бағалау, сондай-ақ жоспарлардың корпоративтік саясатқа және реттеушілік стандарттарға сәйкестігін тексеру кіреді.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау банкті басқару жүйесінің тұрақтылығы мен сенімділігін қамтамасыз ете отырып, оның негізгі құрауыштары болып табылады. Тәуекелдерді басқару банк қызметінің барысында туындайтын әлеуетті тәуекелдерді идентификаттауды, талдауды және барынша азайтуды қамтиды, бұл оның активтерін қорғауға және қаржылық орнықтылықты қолдауға ықпал етеді. Ішкі бақылау, өз кезегінде, операциялардың тиімділігін, қаржылық есептіліктің шынайылығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ клиенттер мен реттеушілер тарапынан банкке деген сенімді нығайта отырып, заңнаманың және ішкі саясаттардың сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін жетілдіру шеңберінде банктер төмендегідей ұсынымдарды басшылыққа алады:

- Банктер тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылаудың тиімді жүйесіне ие, жеткілікті өкілеттіктері, мәртебесі, тәуелсіздігі, ресурстары және Директорлар кеңесіне қолжетімділігі бар.
- Ішкі бақылау жүйесі әрбір негізгі тәуекелді басқару үшін тиісті саясаттардың, процестердің және/немесе өзге шаралардың болуын, сондай-ақ олардың болжамды мақсаттар мен міндеттерге сәйкес қолданылуын қамтамасыз етеді.
- Банктегі ішкі бақылау қаржылық және басқарушылық ақпараттың сенімді, уақтылы және толық болып табылатынына және банктің өз міндеттемелерін, оның ішінде заңнама талаптарын және нормативтік актілерді сақтайтынына сенімділікті қамтамасыз етеді.
- Ішкі бақылау құралдары банктің ішкі процестерінің тұтастығын, сәйкестігін және тиімділігін қамтамасыз етеді.
- Ішкі бақылау жүйесі банктің басшылары мен қызметкерлерінің өкілеттіктері шеңберінен шығатын әрекеттерді болдырмау мақсатында олардың әрекеттерінің еркін болуына оңтайлы шектеулер белгілейді.
- Негізгі басқарушылық шешімдер «төрт көз» қағидатын ескере отырып жүзеге асырылады, яғни оларды бір адамнан артық қабылдайды.

❖ **ЖАҢАРТЫЛҒАН SREP: ҰСЫНЫМДАР**

- Банкте тәуекелдерді басқаруға перспективалық тәсіл қолданылады, ол қолданыстағы тәуекелдерді тұрақты мониторингтеуді, сондай-ақ жаңа тәуекелдерді анықтауды болжайды.
 - Банкте тәуекелдер тізілімі, тәуекелдер картасы, тәуекел-дәреже туралы мәлімдеме және т.б. қоса алғанда, тәуекелдерді басқарудың негізгі құралдары белсенді түрде қолданылады.
 - Банкте ICAAP капиталының және ILAAP өтімділігінің жеткіліктілігін бағалаудың ішкі процестері, сондай-ақ капитал мен өтімділіктің деңгейлерін қамтамасыз ету мен арттырудың тиісті стратегиялары ойдағыдай құрылған. ICAAP және ILAAP банктің бизнес-моделіне тиімді түрде ықпалдастырылған, бұл ретте банк тәуелсіз тексеру жүргізуді және құжаттаманы тұрақты түрде жаңартуды көздейтін осы процестердің барабарлығын қамтамасыз ету үшін жаң-жақты бақылау тетігіне қолдау көрсетеді.
 - ICAAP және ILAAP процестерінің тиімділігін арттыру үшін банк капитал мен өтімділіктің жеткіліктілігіне барынша дәл және сенімді бағалауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін заманауи IT-инфрақұрылымының және деректер инфрақұрылымының болуын қамтамасыз етеді.
 - Банк өзінің кредиттік процесін тұрақты түрде жетілдіру қажеттілігін түсінеді. Оған кредиттік тәуекелдерді барынша дәл бағалау үшін тиімді скорингтік және рейтингтік модельдерді әзірлеу мен қолдану кіреді. Бұдан басқа, банк модельдік тәуекелді төмендету бойынша белсенді түрде жұмыс істейді, бұл пайдаланылатын модельдерді тұрақты түрде тәуелсіз тексеруді болжайды.
 - Сандық және сапалық талдау шеңберінде банк түрлі жағымсыз мән-жайлар кезінде әлеуетті тәуекелдерді барынша жақсы түсіну үшін перспективалық стресс-тестерді және сценарийлердің талдауын пайдаланады. Олар банк тәуекелдерін басқару процесінің негізгі элементтері болып табылады.
 - Стресс-тестілеу нәтижелері банк басшылығына, тиісті бизнес-бағыттарына және жекелеген қызметкерлеріне назарда ұстау үшін жіберіледі, сондай-ақ олар аталған нәтижелерді тиісті дәрежеде ескеруге тиіс.
-

- Тәуекелдерді басқару жөніндегі қызметкерлердің, әсіресе Тәуекел-менеджмент басшысының – CRO нарық пен өнімдерді білуді, сондай-ақ тәуекелге байланысты пәндерді меңгеруді қоса алғанда, жеткілікті тәжірибесі мен біліктілігі бар.
- Тәуекелдерді басқару жөніндегі қызметкерлердің банк қызметінің нәтижесінде туындайтын тәуекелдер аспектілері бойынша бизнес-бағыттар қызметкерлерімен маңызды бағалау және өзара іс-қимыл жасау қабілеті мен дайындығы бар
- CRO және тәуекел-менеджмент қызметкерлеріне өтемақы төлеу және басқа ынталандыру (мысалы, қызметінің жоғарылау мүмкіндігі) білікті қызметкерлерді тарту және ұстап тұру үшін жеткілікті. Сонымен бірге ішкі аудит және комплаенс бөлімшелерінің тиімді жұмыс істеуі үшін жеткілікті ресурстар көзделген.
- Тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшенің бүкіл банк көлемінде де, CRO басшылық ететін еншілес компаниялар мен бизнес-бағыттар шеңберінде де банкте жеткілікті беделі бар.
- Тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімше бизнес-бөлімшелерден жеткілікті дәрежеде тәуелсіз. Бұл ретте тәуекелдерді басқару жөніндегі қызметкерлер бизнес-бөлімшелерден географиялық тұрғыдан немесе өзге түрде оқшауланбаған және қажетті ақпаратқа кедергісіз қол жеткізе алады.
- Тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшенің қызметкерлері өз қорытындыларында белгісіздіктен алыс болуға тырысады және қарастырылып отырған әрбір мәселе бойынша нақты және негізделген пікір береді. Тәуекел менеджерлері өз қызметі шеңберінде нақты және негізделген бағалау береді, тиісті тәуекелдерді, ықтимал салдарларды атап көрсетеді және оларды азайту және тиімді басқару жөнінде ұсыныстар береді.

СЫЙАҚЫ ЖҮЙЕСІ

Сыйақы жүйесі корпоративтік басқаруда өте маңызды рөл атқарады, себебі ол қызметкерлердің ынталануы мен нәтиже шығаруына тікелей байланысты. Теңгерімді сыйақы жүйесі міндеттерді тиімді орындауды, жоғары білікті мамандарды тартуды және ұстап қалуды ынталандыруға, сондай-ақ банктің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге қызметкерлердің белсенді қатысуы үшін жағдайлар жасауға арналған.

Сыйақы жүйесін жетілдіру шеңберінде банктер мына ұсынымдарды басшылыққа алады:

- Сыйақы жүйесі тәуекелдердің барлық түрі мен уақытша сипаттамаларын, сондай-ақ банктің тәуекел-бейінінің бірегей аспектілерін ескереді.
- Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелері банктің сыйақы жүйесі мен тәуекел-бейінінің арасындағы өзара тығыз байланысты түсінеді, сондай-ақ қабылданған сыйақы және өтемақы әдістерінің банктің тәуекелге ұшырағыштығына әсер ету дәрежесін барабар бағалайды.
- Сыйақы жүйесі мен тәуекел-бейінінің арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ету үшін банк қаржылық нәтижелерді ғана емес, қабылданатын тәуекелдердің деңгейін, стратегиялық мақсаттарға сәйкестігін, сондай-ақ басшылардың жауапкершілік дәрежесін ескеретін басшы қызметкерлерді бағалау және ынталандыру тетіктерін енгізеді.
- Қызметкерлерге сыйақы беру жүйесі тәуекелдерді негізделген басқаруға сәйкес құрылады. Бұл тәсіл қызметкерлердің нәтижеге қол жеткізуін ынталандыру мен тәуекел факторларын тиімді бақылау арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізуге бағытталған. Бұл ретте сыйақы тәуекелдерді азайту және тұрақтылықты арттыру бойынша бірлесіп жұмыс істеуге ынталандыра отырып, қызметкерлердің мүдделерін банктің стратегиялық мақсаттарымен теңестіретіндей етіп құрылады.

- Сыйақы өлшемшарттары нақты қалыптастырылады және тәуекелді басқарудың негізделген метрикаларымен байланыстырылады, бұл сыйақы қағидаттарының ашық әрі түсінікті болуын қамтамасыз етеді.
- Директорлар кеңесі сыйақы саясатын әзірлеу, іске асыру процестерін жүйелі түрде бақылауды жүзеге асырады, сондай-ақ оны үнемі бағалап, қайта қарап отырады.

АҚПАРАТТЫ ЖАРИЯ ЕТУ ЖӘНЕ АШЫҚТЫҚ

Ашықтық ақылға қонымды және тиімді корпоративтік басқарудың маңызды шарты болып табылады. Банк қызметі, оның ішінде оның қызметіндегі қаржылық және қаржылық емес аспектілер туралы ақпараттың ашық әрі қолжетімді болуы жоғары басшылық деңгейінде жауапты, этикалық және сараланған шешімдер қабылдауға ықпал етеді, сондай-ақ акционерлер, инвесторлар, қызметкерлер және басқа да мүдделі тараптар тарапынан сенімді арттырады.

Ақпаратты жария ету және ашықтық деңгейін арттыру шеңберінде банктер мына ұсынымдарды басшылыққа алады:

- Банктегі корпоративтік басқару жүйесі банктің қызметіне, оның ішінде қаржылық жағдайына, қызметінің нәтижелеріне, иелік ету құрылымының негізгі аспектілеріне және т.б. қатысты барлық маңызды ақпаратты уақтылы және дәлме-дәл жария етуді қамтамасыз етеді.
- Банк тәуекелдерді қабылдау деңгейіне және тәуекел-бейінін айқындауға байланысты (оның ішінде құпиялылықтың қажетті дәрежесінің сақталуын ескере отырып) негізгі аспектілерді жария етеді. Бұл процесс белгіленген тәуекел-бейінін айқындау әдіснамасының сипатын, сондай-ақ Директорлар кеңесінің осы процеске қосқан үлесі туралы ақпарат беруді қамтиды.
- Ақпарат акционерлерге, салымшыларға, инвесторларға және басқа да мүдделі тараптарға танысудың жеңіл әрі ыңғайлы болуын қамтамасыз ете отырып, анық, дұрыс, объективті және түсінікті түрде жария етілуге тиіс.
- Банк орнықты дамудың, әлеуметтік жауапкершіліктің және корпоративтік басқарудың қоршаған ортаға, әлеуметтік салаға және экономикаға әсері тұрғысынан осындай салалардағы өзінің қызметінің негізгі аспектілерін көрсететін ESG-ақпаратты жария ету қажеттігін түсінеді және оны жария етуге дайын екенін көрсетеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

SREP қадағалау моделі банк саласындағы орнықтылықты қамтамасыз етуге және тәуекелдерді тиімді басқаруға бағдарланған банктерді қадағалаудың кешенді құралы болып табылады. Бұл ретте SREP нарықтың серпінді дамып жатқан талаптарына және жаңа қауіп-қатерлерге бейімделе алатын икемді тетік болып табылады, реттеушіге экономикалық ортадағы өзгерістерге уақтылы әрі шұғыл ден қоюға мүмкіндік береді.

2023 жылы SREP әдіснамасы өткен жылдардың тәжірибесі, сондай-ақ халықаралық стандарттар мен алдыңғы қатарлы практикалар негізінде әзірленген жаңа тәсілдер мен көрсеткіштер ескеріле отырып жаңартылды. Жаңартылған SREP банктерді айтарлықтай дәлме-дәл және терең талдауға мүмкіндік беріп қана қоймай, банктердің қаржы жағдайы туралы неғұрлым толық түсінік қалыптастыруға мүмкіндік бере отырып, түрлі тәуекелдер түрлерін бағалаудың ықпалдасқан тәсілін де қамтамасыз етеді.

Жаңартылған SREP әдіснамасы бойынша бағалау шеңберінде Агенттік пен банктер арасындағы тиімді өзара іс-қимылдың маңызды шарты коммуникациялардың сапасын және қадағалау процесінің ашықтық деңгейін арттыру (қажетті құпиялылық және ақпаратты қорғау стандарттарын сақтай отырып) болып табылады. Банктердің ішкі процестерін жетілдірудің негізгі бағыттарын айқындайтын және тұрақты негізде жаңартылып отыратын Агенттіктің ұсынымдарын жария ету осы бағыттағы маңызды қадам болып табылады. Банктер бұл ұсыныстармен шектелмеу керектігін айта кету керек, бірақ қызметтің орнықтылығы мен тиімділігін арттыру үшін өз процестері мен тәжірибелерін үздіксіз жақсартуға өз бетінше ұмтылуы керек.

**SREP ҚАДАҒАЛАП БАҒАЛАУЫ:
ҚАДАҒАЛАУ МОДЕЛІНІҢ НЕГІЗГІ
АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ ЖӘНЕ
ЖАҢА ТӘСІЛДЕР**

Агенттіктің Сыртқы коммуникациялар басқармасы:

+7 (727) 2371089, press@finreg.kz